

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

Әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасы

АТЫС ДАЯРЛЫҒЫ

№11- ШТ-1 (РТ-1) жаттығулар шарты бойынша 5,6мм Марголин спорттық
(7,62мм рев.наган) тапаншадан атысты жүргізу тәртібі мен әдістері тақырыбы
бойынша

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

Дайындаған: полиция полковнигі
І.Б.Нысанқұлов

Қарағанды қ.2016

Оқу-тәрбиелік мақсаты:

1. Курсанттарға қаруды қолдану барысында қауіпсіздік шарасын қатаң сақтауды үйрету.
2. Курсанттарға тапаншадан (револьверден) ату техникасын үйрету.
3. Курсанттарды атыс қаруын қолдану барысында заң талаптарын сақтауға тәрбиелеу.

Сабак түрі: тәжірибелік

Әдісі: әңгіме жүзінде түсіндіру, көрсету, машықтану

Өткізілетін орын: ату тирі

Оқулық сұрақтар:

1. Қаруды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары
2. Тапаншадан (револьверден) ату техникасының негізі. Атыс және бастапқы шептегі іс-әрекеттер.
3. ШТ- 1(РТ-) жаттығулар шарты бойынша машықтану.
4. ШТ- 1(РТ-) жаттығулар шарты бойынша тәжірибе жүзінде ату.

Материалдық қамтамасыз етілуі:

-кең калибрлі қызметтік тапаншалар мен револьверлердің ату техникалары туралы сұлбалар;

-№ 4 нысаналар - 8 дана;

-5,6мм марголин тапаншалары-4 дана;

-ұрыстық үлгідегі 5,6 мм патрондар-әр курсантқа 13 данадан;

-бор.

Әдебиеттер:

- 1.1995. 30.08. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 2.«Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014жылғы 23 сәуірдегі N 199-V Заңы.
3. “Құқық қорғау қызметі туралы”Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380- IV заңы (ҚР 23.04.2014 N 200-V, ҚР 29.10.2015 № 374-V толықтырулар мен өзгертулер).
- 4.“Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарында кәсіби қызметтік және дене шынықтыру даярлығын ұйымдастыру туралы” Қазақстан Республикасы ПМ 2013 жылғы 06 наурыздағы №10 қбпү бұйрығы.
- 5.Ішкі істер органдары қызметкерлерінің атыс қаруларын қолдануғы құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері мен оларды атыс ережелеріне үйрету әдістемесі. Ақмола, 1998 .
- 6.Нысанқұлов І.Б. «Атыс дайындығы» оқу құралы. Қарағанды,2008
8. Нысанқұлов І.Б. «Атыс даярлығы» оқу құралы. Қарағанды,2012
- 9.С.Н. Солохин Учебное пособие по огневой подготовке. «Огневая подготовка сотрудников ОВД». Алматы 2003г.

10. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің атыс қаруларын қолдануы құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері мен оларды атыс ережелеріне үйрету әдістемесі. Ақмола, 1998.

11. И.А. Дворяка Боевая подготовка работников ОВД. М. 1991.

1. Қаруды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары

Атыс жүргізу кезінде қауіпсіздік №10 бұйрықтың талаптарын сақтау, атыс жүргізудің дұрыс ұйымдастырылуы, қызметкерлердің тәртіпті қатаң сақтауларымен және олардың қаруды қолдану бойынша құқықтарын білулері (ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы) арқылы қамтамасыз етіледі.

Мыналарға қатаң түрде тыйым салынады:

1. қалыпты атысқа келтірілмеген қарудан атуға;
2. атыс жетекшісінің рұқсатынсыз қаруды қабынан алуға немесе оны кобурадан шығаруға;
3. қару оқтаулы не оқтаулы еместігіне қарамастан, оны адам (адамдар) жаққа немесе оның (олардың) аяқ асты шығатын бағытына бағыттауға;
4. қолдағы қарумен шуға қарсы құлаққапты киюге, ретке келтіруге немесе шешуге;
5. ұңғының нысана бағытына бағыттағанға дейін тежегіш ілмеге саусақ тигізуге;
6. атыс басшысының командасынсыз қаруды жауынгерлік немесе бос патрондармен оқтауға;
7. атыс орнының (полигонның) командалық пунктінде ақ жалау (фонарь) көтерулі тұрған жағдайда атыс жетекшісінің командасынсыз қауіпті бағыттарға оқ атуға және ату жүргізуге;
8. атыс шебінде немесе өзге де орында оқтаулы қаруды қалдыруға, сондай-ақ оны басқа адамға беруге;

Атыс жүргізетін жерде қатаң тыйым салынады:

- ең алдымен, қаруды тазаламастан бұрын ұңғылықта патронның жоқ екенін тексеру;
- атысты жүргізуге рұқсатты тек қана атыс жетекшісі береді;
- атысты «Атындар» деген пәрменнен кейін жүргізеді;
- атысты «Тоқта» пәрменінен кейін тоқтату. «Тоқта» пәрменінен «Атындар» пәрменінен дейін ешкімге атыс шебінде жүруге;
- атысты жүргізу барлық атуды жүргізушілермен өздігінен немесе атыс жетекшісінің пәрмені бойынша келесі жағдайларда бірден тоқтатылуы тиіс:
- Нысана алаңына адамның, хайуанаттар, көліктің шығуы;
- Командалық пункте ақ жалаудың көтерілуі;
- Атыстың нәтижесінде өрт пайда болса;
- Оқулық патрондарды қолданбастан бұрын, олардың арасында ұрыстық патронның жоқ екенінен көз жеткізу;
- қару оқталған-оқталмағанына қарамастан, атыс сызығында бола тұра, нысанаға немесе өзге де заттарға дайындалуға, көздеуге;

- атыс жүргізушінің рұқсатынсыз қарудан атуға, жарақтауға;
- атыс бағытынан басқа қаруды өзге бағыттарға бұруға (ату кезінде, атылмай қалу кезінде);
- атыс шебінде адамдар, хайуанаттар пайда болғанда сериялар аралығында қаруға жақындауға;
- жарамсыз қарудан атуға;
- қаруды қараусыз қалдыруға; қару иесінің рұқсатынсыз алуға және атыс жүргізуге;
- рамалар, арқандар, құрылғыларға, жалаулардан, нысана нөмерлеріне атуға болмайды;
- атуды аяқтағанда атыс жетекшісіне қалған патрондарды тапсыру;

Қаруды атыс басталмағанға дейін және атыс аяқталғаннан кейін шүріппені ағытып немесе бекітпесі ашық күйінде ұстау керек.

Қаруды атыс сызығында футлярдың ішінде, тапанша қапшығының ішінде, тыстың ішінде алып жүру қажет.

Атыс тоқтатыла тұрған кезде, атыс аяқталған кезде «Қаруды жарақтау» пәрмені бойынша, қаруды басқа адмның қолына берген кезде оның ішінде патрон қалып қалмауын тексеріп шығу қажет.

Кіші калибрлі спорттық тапаншалардан ату тәсілдері қызметтік Макаров тапаншасынан атыс жүргізу тәсілімен ұқсас болып келеді.

2. Тапаншадан (револьверден) ату техникасының негізі. Атыс және бастапқы шептегі іс-әрекеттер

Атуға дайындалу (тұрыс)

Қаруды қозғалмай тұруы үшін атыстың жақсы нәтижелерін қамтамасыз ететін дұрыс әрі қолайлы тұрысты таңдап алу қажет. Неғұрлым қолайлы тұрыстардың бірі келесідей: атқыш нысанаға жартылай бұрылып, аяқты иық тұсына қойып, қаруы бар қол толық алға созылып, нысана жаққа бағыттталып тұрады (бұлшықеттерді босатып). Басыңыз нысанаға қарай бұрылып тұрады (мойын бұлшықеттерін бос ұстау). Сол қолды бүйіріне тіреуге, қалтаға салуға болады.

Дененің салмақ орталығының проекциясы аяқ табандарымен шектелген ауданның ортасына қарай орналасуы керек. Жамбасты алға қарай қаратып, денені артқа қарай еңкейтіп, дене салмағын және қаруы бар алға созылып тұрған қолды бір қалыпқа келтіру керек. Бұлшықеттер мен дене бос тұруы керек.

Иық арқылы өтетін сызық аяқ табандарына параллель орналасады. Денені продоль осі арқылы айналдыру ұсынылмайды, өйткені атқыш атқан кезде оның назары атысты жүргізуге аударылады да, дене бұлшықеттері оның еркінен тыс бастапқы қалпына келеді де, қару басқа жаққа ауып кетеді.

Тұрыстығын дұрыстығын тексеру үшін көзді жауып, бұлшықеттерді бос ұстау қажет. Одан кейін қарудың қай жаққа бағыттталып тұрғанын тексеру керек. Егер де ол нысанаға қарай бағыттталып тұмаса, онда дайындықты өзгертпестен қару нысанаға қарай бағыттталып тұру үшін аяқты ақырын ғана жылжытып, денені бұру қажет.

Ұстау (қаруды қолда ұстау әдісі)

Ұстау көздеу мен ағытқыш ілмекті ағытқан кезде қарудың тұрақтылығын қамтамасыз ете алатындай болуы керек. Сол жағынан, қару ұңғы бойымен созылған бас саусағымен алынып, оң жағынан және алдынан – үш саусағымен ұсталады. Қаруды ұстауға бас саусақ қатыспайды. Оның негізгі рөлі – ағытқыш ілмекке басу. Ол ағытқыш ілмекте оң фалангі және бірінші буын ретінде орналасуы керек (саусағының ұзындығына байланысты). Қолдың оң саусағы қарудың оң жағына тимеуі керек.

Ұстаудың дұрыстығын тексеру оңай, ол үшін көздей отырып, оқталмаған тапаншаның шүріппесін түсіріп, ағытқыш ілмегін ағыту керек. Егер де ағытқыш ілмекті ағытқан кезде, қарауыл қозғалмаса және прорезіне қарай ауытқып кетпесе, онда қарудың қолдағы қалпы дұрыс деген сөз.

Ұстау толық және әлсіз болуы мүмкін. Ақырын атыс жүргізгенде, ол маңызды емес. Ең бастысы ол бірқалыпты болуы керек.

Көздеу мен ағытқыш ілмекті ағытқан кезде қарудың қозғалмауын қамтамасыз ету - ұстауға қойылатын негізгі талабы болып табылады.

Жылдам атқан кезде ұстау толық болу керек. Егерде ұстау әлсіз болатын болса, ағытқыш ілмекті ағытқан кезде толық емес ұстау қарудың тұрақтылығын қамтамасыз ете алмайды.

Көздеу

Қаруды нысанаға бағыттаған кезде қол қалтырай бастайды, сондықтан көздеу нүктесін емес, көздеу ауданын белгілеу керек. Бұл тапаншадан атқан кезіндегі көздеудің ерекшелігі болып табылады. Жақсы дайындалған атқыштардың өзінде қол қалтырауы байқалады. Бірақ олар қарауылды көздеу прорезінде тура ұстап тұру ережесін қатаң түрде сақтаудың нәтижесінде жоғары нәтижелерді көрсетеді. Тапанша мен нысана атқыштан қашықтықта орналасқандықтан оның көзі нысана мен көздеу құралдарын бір уақытта көре алмайды. Сондықтан көздеу кезінде нысанаға қарағанда, көздеу құралдарын көру әлде қайда маңызды.

Қара шеңбері бар спорттық нысана бойынша атқан кезде көздеу ауданы ретінде «алманың» жақсы көрінетін бөлігін таңдайды. Бұл қаруды нысанаға бағыттауды жеңілдетеді. Өйткені, қара нысана ақ фонда жақсы көрініп тұрады.

Дем алу

Ату кезінде дұрыс демалу ұмаңызды. Атқыштар көбінесе келесідей дем алуды жиі қолданады. Қаруды нысанадан жоғары көтерген кезде, қаруды көздеу ауданына төмендете отырып, толық дем алып, толық емес дем алу жағдайында тынысын ұстап қалып, көздейді. Кейін тынысын қалпына келтірмей, ағытқыш ілмекті баса отырып, бағыттауды нақтылайды.

Ағытқыш ілмекті ағыту

Ағытқыш ілмекті ағыту дәл атудың соңғы кезеңі болып табылады. Ол көздегішті нысанаға қаратып, ағытқыш ілмекті ақырын ағыту арқылы жүзеге асырылады. Қаруды нысанадан жоғары көтеріп, қаруды көздеу ауданына төмендетіп, ағытқыш ілмектің зая жүрісін басып, қаруды неғұрлым аз

қалтыраған кезінде, ақырын ғана ағытқыш ілмекті ағыту керек. Егер де аруды ұзартатын болсаңыз, қол дірілі күшейіп, дәл ата алмайсыз.

Нысананы «ұстап алуға» болмайды, яғни ағытқыш ілмекті қарудың нысанаға неғұрлым қолайлы орналасқан кезінде ағытуға болмайды.

3. ШТ-1(РТ-1) жаттығулар шарты бойынша машықтану

4. ШТ-1(РТ-1) жаттығулар шарты бойынша тәжірибелік жүзінде ату

1 оқу орны
ШТ-1(РТ-1) жаттығулар
шарты бойынша
патронсыз машықтану.
Оқытушы жүргізеді.

2 оқу орны
ШТ-1(РТ-1) жаттығулар
шарты бойынша
жауынгерлік патронмен ату
Оқытушы жүргізеді.

ШТ-1(РТ-1)

Нысанаға дейінгі қашықтық – 25 м

Нысана: Шеңбері бар спорттық нысана

Атыс қалпы: тұрып тіреусіз бір қолмен ату.

Атыс саны: 3 дайындық, 10 сынақтық

Уақыты: 5 атысқа – 6 минут

Оқытушы бірінші оқу орнында ШТ-1 жаттығуының шарттарын түсіндіріп, үлгі ретінде көрсетеді. Екінші оқу орнындағы оқытушы курсанттарды ШТ-1 жаттығуының шарттары бойынша атуға дайындайды. ШТ-1 жаттығу бойынша ату шарттарын меңгерген бөлімше, әскери патрондардан ату үшін екінші оқу орнына өтеді. Атысты бірінші болып аяқтаған бөлімше РТ-1 жаттығулары бойынша аруды үйрену үшін бірінші оқу орнына өтеді. ШТ-1 жаттығуының шарттары бойынша МЦУ кіші калибрлі тапаншадан атып болғаннан кейін, оқытушы РТ-1 жаттығуын орындауын ұйымдастырады.

ШТ-1(РТ-1) жаттығуларының шарттарын орындау үшін 5 орындық орнатылады да, олардың үстіне қаруды қояды. ұрыстық патрондарды «Таратушы адам 13 ұрыстық патронды тарат» деген пәрменінен кейін бастапқы шепте патрондарды тарата бастайды. «Атыс шепке адымда» оқытушының пәрменінен кейін тыңдаушылар атыс шебіне барады. «3 патронмен жарақта» пәрменінен кейін, курсанттар келесідей әрекеттерді орындайды:

1. Орындықта жатқан Марголин тапаншасын қолдарына алып, оқжатарды алып, жарақтап, қаруды орнына қояды. Содан кейін қаруды оң қолында алып, ұңғысын нысанаға қарай бағыттап, оқжатарды сабының негізіне салады. Сол жағына жартылай бұрылып, оң аяғын алдына қояды. Сол қолының бас аусағымен бекітпені артқы шетіне тартып, оны жылдам босатып, оқытушының пәрмені бойынша атады.
2. ТОЗ-36 тапаншасын орындықтан алып, револьвер барабанын жарақтайды. Ату үшін тиісті тұрысты таңдаған кезде, бағыттаушы саусағы ағытқыш доғасында орналасады. Ату үшін нысананы бақылай

отырып, бағыттаушы саусағын ағытқыш ілмегінің шетіне қойып, тынысты кәдімгі қалыпта ұстап қалып, тура қарауылды туралап алғаннан кейін ағытқыш ілмекті ақырын ғана ағыту керек.

Дайындық сатысы аяқталғаннан кейін оқытушының пәрменіне сәйкес қару дәл сондай тәртіппен оқталып, шартты түрде келесі нысанаға атылады.

Атыстың аяқталуы уақытша және толық болуы мүмкін. Уақытша атысты аяқтау үшін «Тоқта» деген пәрмен беріледі, сол уақытта тыңдаушы ағытқыш ілмекті басуды доғарып, бағыттаушы саусағын қарудың ұңғысын нысанаға қаратып, орындыққа қояды. Ал, атысты толық аяқтау үшін «Оқсыздандыр» пәрменін беру арқылы келесідей әрекеттер жүргізіледі:

- ағытқыш ілмекті басуды доғарып, сұқ саусақты ағытқыш доғасынан алып, қаруды оқсыздандырады.

1) Марголин тапаншасының оқжатарын оның сабынан алып, сол қолдың бас бармағы мен сұқ саусақпен бекітпені артқа тарту арқылы ұңғылықтан патронды алып, қару сабының негізіне оқжатарды салып, оны орындыққа қояды.

2) ТОЗ-36 үлкен калибрлі револьверге – оң қолда револьвердің ұңғысын жоғарыға қаратып ұстау арқылы ілмекті сол қолдың бас бармағымен ұстап тұру, шүріппені артқа тарту арқылы жауынгерлік взводқа қою. Барабаннан патронды алып, оны орындыққа қою.

«Қаруды көрсет» пәрменімен атыс жүргізуші оң қолына Марголин тапаншасын алып, сол қолымен сап негізінен оқжатарын алып, бекітпе оқжібергіштен 2-3 см жоғары тұратындай етіп, оң қолының бас бармағының астына қойып, сол қолдың бас және сұқ саусағымен бекітпені артқы қалпына тартады. Қару тексерілгеннен кейін тыңдаушы ілмекті жіберіп, оқжатарды сабының негізіне салып, қаруды орындықтың үстіне қояды.

Үлкен калибрлі револьвер «Қаруды көрсет» пәрмені бойынша сұқ саусағы ағытқыш доғасына орналасатындай етіп қаруды оң қолына алады да, қолы жартылай бүгулі қалпында бас бармағымен оқжатарды сағат тілімен айналдырады. Қаруды тексергеннен кейін оны орындыққа қояды.

Оқытушы екінші оқу орнында дәл сондай ретімен ШТ-1(РТ-1) жаттығуларын орындауды ұйымдастырады. Әрбір оқу орнында атысты дұрыстап тұру үшін мұрша орнатылады. Жетекші атыс жүргізу қауіпсіздігін, жаттығулар мен шарттардың дұрыс орындалуын қадағалайды. Атыс аяқталғаннан соң нысана тексеріліп, оның орнына басқа қойылады. Атыс қорытындысы хаттамаға жазылады. Атыс жүргізу тәсілі мен әдістерін жасаған кезде қате жіберген немесе қауіпсіздік шараларын бұзған тыңдаушылар бірінші оқу орнына жіберіледі.

Атыс жүргізудің тәсілдері мен ережелері және 9 ММ «Макаров» тапаншасынан атыс жүргізу

Қоғамдық процестің дамуы, құқықтық тәртіп, заңдылық пен кез келген құқықбұзушылыққа қарсы тұрумен тығыз байланысты.

Атыс қаруын қолдану арқылы қылмыстың алдын алу, қылмыскерді ұстау мен қарусыздандыру ең тиімді әдіс болып табылады. Қазіргі таңға дейін адамзаттық қоғам атыс қаруы сияқты қылмыстылықпен күресетін тиімді әдіс

тапқан жоқ. Сондықтан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін, мемлекет пен қоғамның мүддесін қорғауға атыс қаруын қолданбасақ шарасыз болар едік.

Полиция қызметкерлерінің қызметтік-ұрыстық қызметінде аты болшып табылады. Атысты жүргізу әдісі автоматты түрде жеңілдетуі болып табылады. Қызметкерлерге ату дайындығын үйрету кезінде әскери бағытталған мінезді болу керек. Бұдан тіректі қолдану арқылы максималды шынайы жағдайларда көруді жеңілдететін, сонымен қатар қызметкерлердің жабылу мүмкіндігі аз болатындай қылып, атысты жасырын қозғалыс, стандартты емес жерлерде жүргізу деп түсініуіміз керек.

Қызметкердің қаруды қолдануға көбінесе жоғары эмоционалдық, физикалық күш пен сыртқы орта (атыстың қолайсыздығына, ағзаның бұзылуына әкеліп соғатын қараңғының болуы, дыбыстық және жарықтық тітіркендіргіштер т.б.) әсерінен бұзылады. Кәсіби маңызды психологиялық қасиеттерді қалыптастыру үшін жағдайлық әдістерді қолдану қажет. Бұл әдіс нақты жағдайларды модельдеу мен қаруды қолдану шарттарынан тұрады.

Мәселелік-жағдайлық жаттығуды қолдану қаруды пайдалану техникасы мен тактикасын бекітетін, қаруды құқыққа сай қолдануға дайындайтын, қаруды қолданудың сенімділігінің маңызды факторларының бірі болып табылатын, эмоционалдық тұрақтылықтың қалыптасуына ықпал етеді.

Қарумен жұмыс жасаудың «Мәдениеті»

Әскери және оқулық ату тек қана техникалық жағынан жарамды штаттық патрондардан жүргізіледі. Қарумен жұмыс істеп жатқан уақытта, сабақ кезінде, жедел емес жағдайда қарудың ұңғысы ешқашанда адам тұратын жаққа бағытталмауы керек.

Қарудың денеден тыс болуы – бұл атушының немесе басқа да тұлғалардың дене габариттерінен тыс ұңғы каналының срезінен тиетін нысанасына дейін оқтың ұшу траекторисы жағдайындағы ұңғының орналасуы.

Қару менің денемнен тыс - бұл атушының, бірақ басқа да тұлғалардың дене габариттеріне тиеті ұңғы каналының срезінен нысанасына дейінгі оқтың ұшу траекторисы жағдайындағы ұңғының орналасуы.

Қарумен жұмыс істеп жатқанда немесе жедел жағдай кезінде қарудың ұңғысы қауіпсіз жаққа бағытталуы керек.

Қарумен жұмыс істеп жатқанда және жағдайға сәйкес келесідей ережені сақтау керек: «бақылау саусағы» және «жұмыс саусағы». «*Бақылау саусағы*» - бағыттаушы саусақтың ағытқыш ілмектің оң және сол бүйірлеріне тимейтіндей орналасуы. «*Жұмыс саусағы*» - бағыттаушы саусақтың ағытқыш ілмектің жоғары беткейін тиетіндей орналасуы.

Сабақ кезінде қаруды атыс шебінде ғана жарақтаймыз.

Осечка болып қалған жағдайда, жаттығуды орындауды доғарып, қаруды нысанаға қарай бағыттап, 30 сек күту керек.

Қаруды тапсырған немсе алған кезде міндетті түрде тексеріп алу керек.

Қысқаұңғылы қол қаруы міндетті түрде сабын алдына қаратып берілуі керек.

Атуға дайындалу, ату, атуды доғару.

Дайындалудың, көздеудің, дем алудың ұстап қалу және ілмекті ағытудың жеке тәсілдерін орындауды өзіне қосатын техникалық дайындық атқыштың тәжірибелік оқуының негізін құрайды. Бұл әрекеттер дәл атудың негізгі элементтері болып табылады.

Атқыш тапаншадан ату үшін келесідей әрекеттерді орындайды:

- дененің тұрақтылығын және қаруды бағыттаудың тұрақтылығын қамтамасыз ететін ату үшін ыңғайлы қалыпты таңдайды;
- қолмен қаруды ұстап, қаруды жарақтайды, қаруды нысанаға бағыттап, оған көздейді;
- дем алуды ұстап қалып, ағытқыш ілмекке басып, атады;

Атқыш дайындық кезінде толық қозғалмауды қамтамасыз ете алмағандықтан, қарудың шүріппесін оның сәл дірілдеп тұрған жағдайда түсіруге тура келеді. Дәл ату үшін атқыш ағытқыш ілмекті асықпай, қаруды неғұрлым аз дірілдеп тұрғанда басумен қатар, көздеу керектігі туралы естен шығармауы керек. Осының бәрі ату техникасын құрайды, ол өзіне келесідей әдістерді қосады:

- *атуға дайындалу* – атысты жүргізу үшін қолайлы қалыпты таңдап, қаруды жарақтау;
- *ату* – көздеу және шүріппені тарту;
- *атуды доғару* – ағытқыш ілмектің құйрығына басуды доғару, сақтандырғышты іске қосу, қаруды оқсыздандыру және қаруды тексеру;

Қарудан атуды дұрыс меңгеру оқытушының алғашқы оқуды дұрыс ұйымдастыруына байланысты болып келеді. Ол дәл атудың негіздерін, атқыштың өзінің іс-әрекеттеріне талдау жасай алуына, қателерін таба алуы, оларды дайындық кезінде жоя алу шеберлігін бекітеді. Бұл сабақтарды шығармашылық атмосферасының қалыптасуына ықпал етеді.

Ату техникасының әрбір әдісін жеке-жеке қарастырып өтейік.

Тапаншадан атуға дайындалу

Дәл ату үшін қарудың қозғалмауын қамтамасыз ету керек. ПО тәжірибесінде көбінесе тұрып бір немесе екі қолдан ату қолданылады.

Дәл ату атқыштың атуға дайындығымен тығыз байланысты. Бойы биік атқыштар денесін «айналдыруды» қажет етеді, көптеген бойы аласа атқыштар денелерін неғұрлым аз бұрған кезінде жоғары нәтижелерді көрсетеді. Әрбір атқыш атқан кезде өзіне ыңғайлы тұрысты таңдайды және бұл тұрыс «атқыш-қару» жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуі қажет. Атқыштың дайындығы «атқыш-қару» жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Атқыштың негізгі мақсаты нысанаға көздеу. Қарудың қозғалмай тұруын қамтамасыз ету үшін дем алуды ұстап қалу керек. Атқыш ату үшін ағытқыш ілмекті асықпай, көздегіштің нысанадан ауытқып кетпейтіндей ағытуы керек. Қарудың толық қозғалмауын қамтамасыз ету мүмкін еместігінен, қару неғұрлым дірілдемей тұрған кезде ағытқыш ілмекті асықпай ағыту керек.

Дайындық қамтамасыз етуі қажет:

- «Қару-атқыш» жүйесінің теңдігін;

- Жүйеге қол жеткізу үшін атқыштың бұлшықеттеріне неғұрлым аз салмақ көрсету;
- Сезім органдарының дұрыс жұмыс жасауын және дұрыс қан айналымын қамтамасыз ету;
- Сезім органдарының, әсіресе көру қабілетінің дұрыс болуы;

Атқыш өзінің ерекшелігіне байланысты дайындықтың неғұрлым ыңғайлы нұсқауын таңдайы керек. Бірақ, бұл атыс даярлық тәлімдемесінің талаптарына сай болуы керек.

Тапаншадан атуға дайындалу автомат пен винтовкадан атудан ерекшеленеді. Егер ұзынұңғылы мылтықтардан атқан кезде атқыш жерге, тізесіне тіреп атады, ал қысқаұңғылы мылтықтардан атқан кезде ешбір нәсеге тірелу мүмкіндігі болмайды. Атқыш тапаншадан атуға дайындалған кезде келесілерді басшылыққа алуы керек:

- қолды созып ұстай алу;
- қолдың жеке звеноларын өзараорналасуы мен бекіту дәрежесі ағытқыш ілмекті ағытқан кезде бағыттаушы саусақтарының майысатын бұлшықеттерін толық изоляциялануына қолайлы жағдайлар туғызатындай болуы керек;


Дайындықтың жеке элементтерін жеке қарастырып өтейік (тұрыс, жарақтау, ұстап алу).

Тұрыс – дененің атысты жүргізу үшін орналасуы. Дұрыс тұрыс нысанаға қатысты атқыш денесінің тұрақты қалпын, тапаншамен ыңғайлығын және атыстың бірқалыпты болуына мүмкіндік береді.

Атысқа дұрыс тұрысты таңдау үшін, нысанаға қарап, сол аяқты жартылай бұрып, иықтың бойымен қойып, аяқтың басын симметриялы екі жаққа қаратып, дененің салмағын екі аяққа бірдей бөлу керек. Басымен нысанаға қарап тұру керек. Оң (сол) көзбен көздеу керек. Қаруды ұстап тұрған қолды шынтағында тікке, ешбір қиындықсыз алға созу керек. Қолды толық созу қарауылдан көзге дейінгі қашықтық өзінің мөлшерін толық түрде сақтап тұруы үшін қажет. Қолдың тікке созылуы иық алды мен иық өзара бекітіліп, оның нәтижесінде қарудың қалтырауын, қарудың қайтарымын азайтады. Сол қол бос тұрады немесе оны бүйіріне, қолына салып қоюға болады. Екі қолмен атқан кезде фронтальды тұрыс жиі қолданылады. Аяқ табандары бір сызықта, иықтың бойында орналасады. Қаруды ұстап тұрған қол, үшбұрышты құрайды. Сол қол қаруды астынан ұстап тұрады, сол қолдың бағыттаушы саусағын ағытқыш доғасына орнатылып, қалған саусақтар оң қолдың саусақтарын ұстайды, екі қолдың бас саусақтары бекітпеге параллель орналасады. Атқыш-қару жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін атқыштың иықтары сәл артқа қарайды.

Атуға тұрысты таңдап болғаннан кейін, атуға дайындықты тексеріп өту керек. Ол үшін ату үшін тұрысты таңдап, қаруы бар қолды алға созып, басты нысанадан бұрып, кейін қайтадан нысанаға қарап, қаруы бар қол нысанаға қарап тұрғандығын тексеру керек. Егер де қару нысанаға қарап тұратын болса, онда таңдаған тұрыс дұрыс. Егер де дұрыс болмаса, оны аяқты жылжыту арқылы дұрыстау керек.

Ұстау – тапанша сабын қолмен ұстау тәсілі. Одан көздеу мен ағытқыш ілмекті ағыту тәуелді болып келеді. Дұрыс ұстау тапанша сабының қолда дұрыс орналасуы мен атқыштың сабын қысу күшімен айқындалады.



Тапаншана қолда ұстауды үйрену тәртібі:

- тапаншаны оң қолға алу;
- сабының тыл бөлігін бас бармақтың жұмсақ негізіне тіреу;
- тапаншаны бағыттаушы және бас бармақпен ұстау;
- тапаншаның қолдағы қалпын өзгертпей-ақ, тапаншаның сабын ұстау;
- бағыттаушы саусақ ортасы мен майысатын жерінде тырнақ фалангісі ретінде ағытқыш ілмекке қойылады.
- Тапанша сабының оң жағындағы тегісінің және алақанының арасында қарындаштай бос орын қалады.

Тапаншаның горизонталь орналасқан осі иықтың осімен дәлме-дәл келеді де, біртұтастықты құрайды

Қаруды ұстаған кеже оны қолда ұстай алатындай сезім тууы керек. Бірақ та, қолды қатты қыспау керек. Өйткені, тапаншаның сабын қатты қысатын болса, қол дірілі күшейеді де, дәл атпауға әкеліп соғады.

Ұстау тұрақты болуы қажет. Жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін, бірқалыпты өзгермейтін ұстау болуы керек. Ұстау автоматты түрде болу керек. Бас салудың дұрыстығын тексеру үшін:

- тапаншаны алып, дұрыс бас салуды өткізу керек;
- тапаншаны нысанаға бағыттау;
- 90 градус бұрышында жұмыс қолын бүгіп, ұстауды сәйкестендіру керек.
- Тапанша осі иықтың горизонталь осімен сәйкес болуы керек;

Бағыттаушы бармақтың бірінші буыны мен бас бармақтың екінші буынының арасындағы өткізілген сызық тапанша осіне перпендикуляр орналасуы керек.

Жарақтау

Қаруды жарақтау ең оңай техникалық әрекет болып табылады, бірақ ол орнатылған ережелерді қатаң сақтауды қажет етеді. Атыс шебінде «Жарақта» пәрмені берілгеннен кейін атқыш:

- тапаншаны кабурадан алып, оны қолымен сабынан нысанаға бағытта ұстап, сол қолымен оқталған оқжатарын салады;
- сол қолдың бас бармағымен сақтандырғышын ағытып, сол қолдың бас және бағыттаушы саусағымен бекітпенің рифрленген бөлігін артқа тартып, жібере салуы керек, бағыттаушы бармағын ағытқыш доғасында ұстап тұрады. Сол қолының жартылай бүгілген бағыттаушы саусағымен қаруды «сақтандырғышқа» қояды;
- сол жағына жартылай бұрылып, аяғын иықтың бойымен қойып, дене салмағын екі аяққа бірдей бөлу керек;
- екі қолмен атқан кезде сол аяқпен сол жаққа, оң аяқпен оң жаққа бір адым жасап, дене салмағын екі аяғына бірдей бөлу;
- «тыңдаушы Ахметов атуға дайын» деп оқытушыға баяндау;

Жарақтау кезінде жиі кездесетін қателер:

- тапаншаға оқжатарын салған кезде тапаншаның сабын вертикаль орналастырудың орнына горизонталь орналастырылып, тапаншаның ұңғысы жақын тұрған қатысушының жағына қаратуға тыйым салынады;
- бекітпені тартқан кезде, алақанын тапаншаның үстіңгі жағына қояды, осының саларынан лақтырғыштың терезесі жабылады да, бұл берілетін патронның лақтырылып кетуіне әкеліп соғады;

Сабақтарды өткізген кезде әрекет ету тәртібі

I. Атуға дайындалу

Оқытушының әдістемелік кеңестері мен әрекеттері	Курсанттардың әрекеттері
<p>Оқытушы курсанттарға атуға қалай дайындалу керектігін көрсеткеннен кейін элементтің барлығын жұмыс қарқынында көрсетеді:</p> <p>А) Оқжатарды жарақтау</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқжатарды жарақтауын және одан патронды қалай алу керектігін көрсетеді; - әскери патрондарды тартушы адамға «Курсанттарға 3 патрон беріңіз» деген пәрмен береді; - «оқжатарды жарақта» пәрменін береді; <p>Қаруды жарақтау</p> <p>Курсанттар оқжатарды жарақтағаннан кейін оқытушы қаруды оқтау мен оқсыздандыруға үйретуге көшеді;</p> <p>Қаруды қалай оқтайтынын көрсетеді;</p> <p>Курсанттарды бірінші ақырын оқтауға үйретіп, жылдам оқтауға көшеді;</p>	<p>Оқытушының әрекетін бақылап тұрады;</p> <p>Тартушы патронды таратып, «капитан мырза оқу патрондарының берілгені туралы баяндайды».</p> <p>Курсанттар патрондарды тексеріп алғаннан кейін келесі тәртіппен оқжатарды жарақтайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тапаншаны кабурадан алады; - оқжатарын сол қолмен тапанша сабының негізінен алады; - оқжатарды жарақтап, кабураның қалтасына салады; - сол қолмен оқжатарды кабурадан суырып алады; - оқжатарды сол қолында ұстап тұрып, патрондарды шығарады; <p>Оқытушының әрекетін бақылап тұрады;</p> <ul style="list-style-type: none"> - көрсетілген әдісті ретімен орындайды; - тапаншаны кабурадан оң қолымен шығарады; - сақтандырғышын ағытып, бекітпені артына тартып, жібереді (патронды оқтыққа апарайды); - сақтандырғышты қосады;

II. Ату үшін тұрысты таңдау

Оқытушының әдістемелік кеңестері мен әрекеттері	Курсанттардың әрекеттері
<p>Оқытушы курсанттарға ату үшін тұрысты таңдауды көрсетеді, содан кейін :</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Тұрып ату үшін тұр». 	<p>Оқытушының әрекетін бақылап тұрады;</p> <p>Курсанттар көрсетілгенді келесі тәртіппен орындайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сол жаққа жартылай бұрылып, оң аяқты жылжытпай иық бойымен қою; дене салмағын екі аяққа бірдей бөлу; - 45 градус шамасында тапанша ұңғысын нысанаға қарай бағыттап көтеру, бағыттаушы саусақты тапанша

Осының барлығын үйреткеннен кейін оқытушы жаттығуды «Оқжатарды жарақта, Оқта» пәрменімен толықтай орындайды.	рамасының бойымен созып, қол иек бойында орналасады; Бұл тәсілді жоғарыда көрсетіліп өткен тіртіппен орындайды;
--	--

Ату

Ату көздеу мен ағытқыш ілмекті ағытудан тұрады

Көздеуішті, көздегішті және көздеу нүктесін бір сызыққа келтіру арқылы атқыш қаруға тиісті бағытты орнатады. Қаруды нысанаға бағыттау өте қиын. Дұрыс көздеу үшін тынысты тарту керек.


Атықш жетекші көзін, қарауыл мен көздегішті бір сызыққа бағыттауы көздеудің мәні болып табылады. Көздеу үшін жартылай тыныс алу және демді шығару кезінде демді ұстап қалып, сол көзді жауып, қарауыл көздегіш прорезінің ортасында орналасатындай, оң көзбен қаруды нысанаға бағыттау керек. Былай қарағанда, көздеу жүйесі қарапайым болып көрінеді, бірақ та бұл жалған көзқарас. Тәжірибеде, көздеу ең қиын элементтердің бірі болып табылады. Өйткені, дайындық қарудың толық қозғалмауын қамтамасыз ете алмайды, сондықтан көздеу қарудың қалтырауы кезінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, көздегіштің прорезі, қарауыл және көздеу нүктесі көзден қашықтықта орналасатындықтан, оларды әрдайым жақсы көрініп тұрмайды. Сондықтан, атқыш көздеу кезінде міндетті:

- Егер де ұңғы нысанаға қарап тұрған кезде, жоя алмайтын қалтырау байқалса, оған реттелген сипат беріп, ұңғымен кішкентай диаметрдегі кескін салу керек;
- Көзді прорездің қарауылына және көздегішіне бағыттау керек. Прорездің қарауылы және көздегішіндегі қателіктер оқтың нысанадан ауытқып кетуіне әкеледі.

Жаңадан ата бастағанда көбінесе көздеу кезінде келесідей қателіктерді жасайды:

- үлкен қарауыл – оқ үсіне қарай ұшады;
- кішкентай қарауыл – оқ астына қарай ұшады;
- мушка оңға қарай ығыстырылса – оқтар оң жаққа қарай ұшады;
- мушка солға қарай ығыстырылса – оқтар сол жаққа қарай ұшады;

Сондықтан оқытушының негізгі мақсаты қарауылды көздегіштің прорезінде дұрыс ұстауына үйрету болып табылады.



Сондықтан ату кезінде қарауылды көздеу прорезінде дұрыс әрі тура ұстай алу қабілетіне көңіл аудару керек.

Көздеу кезінде тынысты ұстап қалу маңызды болып келеді. Көздеу кезінде тынысты ұстап қалу, нәтижелі атуды қамтамасыз етеді. Адамның тыныс алуы кеуде торының, иық белдеуінің қозғалуымен болады. Бұл қолдың қалтырауына әкеледі. Сондықтан атқан кезде, тынысты ұстап қалу керек.

Тынысты құстап қалудың келесідей әдісі ұсынылады. Тынысты кезекпен ұстап тұрады да, оның ұзақтығы 5-8 сек. Көздеу құралдары қосылғаннан кейін, ақырын ғана ағытқыш ілмекті ағыта бастау керек. Ату кезінде тыныстың жалпы ритмін бұзбау үшін, тынысты ұстап қалу ұзақ болмауы керек. Егер де көрсетілген уақыт ішінде атпайтын болсаңыз, тыныс алуды жаңғыртып, қайтадан бастау керек.

Ағытқыш ілмекті ағыту дәл атудың соңғы кезеңі болып табылады. Ол көздегішті нысанаға қаратып, ағытқыш ілмекті ақырын ағыту арқылы жүзеге асырылады. Қаруды нысанадан жоғары көтеріп, қаруды көздеу ауданына төмендетіп, ағытқыш ілмектің зая жүрісін басып, қаруды неғұрлым аз қалтыраған кезінде, ақырын ғана ағытқыш ілмекті ағыту керек. Егер де атуды ұзартатын болсаңыз, қол дірілі күшейіп, дәл ата алмайсыз.

Нысананы «ұстап алуға» болмайды, яғни ағытқыш ілмекті қарудың нысанаға неғұрлым қолайлы орналасқан кезінде ағытуға болмайды.

Бағыттаушы саусақтың жылдамдығы 2-3 секунд болуы керек.

Ағытқыш ілмекті ағытудың екі тәсілі бар:

1. зая жүрісті алдын ала таңдаумен;
2. зая жүрісті алдын ала таңдаусыз;

Бірінші тәсілдің мәні келесіде:

- қаруы бар қолды алға созып, атқыш бағыттаушы саусаққа неғұрлым қолайлы қалыпты таңдау үшін, саусағымен ағытқыш ілмекке тиеді;
- ағытқыш ілмек пен бағыттаушы саусақ арасында байланыс орнатылғаннан кейін, атқыш зая жүрісті таңдап, көздей бастайды. Тураланған қарауыл көздеу ауданына тұрғаннан кейін, атқыш қарауылдың көздегіш прорезіндегі қалпын нақтылайды да, бағыттаушы саусақпен жұмыс жүрісінің бір бөлігін атуға дейін таңдайды. Ағытқыш ілмекті ағыту процесі екі кезеңге бөліне: ағытқыш ілмек қозғалысының үштен екісін жүріп болғаннан кейін, бағыттаушы саусақтың жұмысын тоқтата тұрады да, бағыттауды нақтылайды және ең соңында – ағытқыш ілмекті ақырына дейін басу.

Бұл кезде атқышта ағытқышты тарту туралы көз қарасы бұзылады. «Бос» дайындық кезінде ол кәдімгідей қабылданады да, ал ағытқан кезде неғұрлым күшті қажет етеді деп ойлай бастайды. Әрекеттердің координациясы аутогенді дайындық немесе 5-6 рет басып, 1 рет атып қалпына келтіріледі.

Ең бастысы курсанттар атып болғаннан кейін демалуға белгі ретіндегі рефлекс қалыптаспауы керек. Сондықтан оқытушы курсанттар атып болғаннан кейін қаруды бірден төмендетпей, «ұстап тұруларын» бақылаулары керек.

Бұл психологиялық дайындық ату кезінде бұлшықеттерінің тонусын сақтап қалуға мүмкіндік береді. Қаруды ұстау ағытқыш ілмекке басу іс-әрекеттерінен тәуелсіз болады. Ағытуды басқару бойынша техникалық сұрақтар тиісті тақырыптар бойынша әдістемелік өңдеулерде дайындалған. Ату кезінде де, дайындалу кезінде же ұсақ-түйектер болмайды. Бәрі де маңызды болып келеді. Сондықтан тыңдаушылардың бойында ауа-райы жағдайларын, желдің сипаты мен күшін және т.б. ескере отырып, атуды жоспарлауды қалыптастыру керек. Курсанттар айналадағы және оқытушының пәрменінде болып жатқан өзгерістерге уақытылы көңіл аударуы керек.

АТД жаттығуларын орындау кезінде психикалық және физикалық күшті қажет етеді. Әрбір курсант өзін басқара алуы, қиындықтарға төзімшіл болуы керек. Оқытушы «Ат», «Алға» пәрмендерін бергеннен кейін курсанттар жаттығуларды орындау шарттары мен тәртібіне сәйкес ата бастайды.

Атудың аяқталуы

Атуды аяқтағаннан кейін атқыш міндетті:

- нысанаға қарап бұрылу (бекітпе артқы шетінде тұруы керек);
- атысты аяқтағаны туралы оқытушыға баяндау, мысалы: «*Курсант Ахметов атуды доғарды*».

Оқытушы ауысым атуды аяқтағанына көз жеткізгеннен кейін «Қаруды тексер» пәрменін береді.

Бұл пәрменнен кейін курсанттар оқжатарды сабының негізінен алып, сақтандырығышының тұсына оң қолының бас саусағының астына оқжатардың оқ жібергіші бекітпеден 2-3 см жоғары тұратындай қояды.

Атыс жүргізушісі қаруды тексеріп болғаннан кейін, «Қару тексерілді» пәрменін береді.

Бұл пәрменнен кейін курсант міндетті:

- оқжатарды сол қолына алуға;
- бекітпені бекітпе кедергісінен шешу;
- бақылаулық атыс жасауға;
- тапаншаны сақтандырғышқа қоюға;
- оқжатарды тапанша сабының негізіне салуға;
- тапаншаны тапанша қабына салып, қақпағын Жабуға;

Атуды атыс жағдайында қарап, тексеріп шыққаннан кейін оқытушы «Демал» пәрменін береді. Бұл пәрмен бойынша қызыл түсті жалау ақ түсті жалауға ауыстырылады.

Сабақтарды өткізу кезінде оқу орнындарында әрекет ету

1. Ату

Оқытушының әдістемелік кеңестері мен әрекеттері	курсанттардың әрекеттері
<p>Оқытушы ату келесілерді құрайтынын курсанттардың естеріне салады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Көздеу және ағытқыш ілмекті ағытуды; Содан кейін үлгі ретінде көрсетеді. - Курсанттарды атуды жүзеге асыруға үйретеді; 	<p>Қадағалап тұрады.</p> <p>Ату үшін курсант міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тапаншаны дұрыс ұстау; - Сол қолымен сақтандырғышын қосу; - Нысананы бақылап отырып, шүріппені оң қолмен әскери взводына қою; - Көздегішті қарауылмен қосып, тапаншаны көздеу ауданына апару; - Бағыттаушы саусағының бірінші фалангісін ағытқыш ілмекке қою; - Көздеуді нақтылап, тынысты ұстап қалып, ақырын ағытқыш ілмекке басу;

2. Атуды аяқтау. Қаруды оқсыздандыру және қарау.

<p>Атуды доғару толық немесе уақытша болуы мүмкін екенін түсіндіреді; Пәрмендердің орындалу тәртібін көрсетеді: «Тоқта, атуды доғар», «Оқсыздандыр»;</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Қаруды тексер» пәрменін орындау тәртібін көрсетеді; - Курсанттарды баяу ақырын, кейін тез орындауға үйретеді; 	<ul style="list-style-type: none"> - Қарап тұрады; - Келесідей тәртіппен орындайды: - Ағытқыш ілмекке басуды дорғарады; - Сақтандырғышты іске қосады; - Оқжатарды сабының негізінен алады; - Патронды патронниктен алады; - бақылаулық атыс жасайды; - тапаншаны қорабына салады; - бекітпеден лақтырылған патрондарды көтереді; - Содан кейін қажет: - Патрондарды оқжатардан алу; - Тапаншаны қорабынан алу; - Тапаншаны сабының негізінен алып, қайтадан қорабына салу;
--	---

<p>«Қаралды» пәрменінен кейін Тыңдаушыларды ақырын, кейін тез орындауға үйретеді</p> <p>Сабак аяқталғаннан кейін қысқара талдап, келесі оқу орнына бағыттайды;</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Көрсетіп отырғандарға қарап, келесідей тәртіппен орындау: - Сақтандырғышты қосу; - Сол қолмен бекітпені артына қарай апару; - Оң қолмен тапанша сабынан ұстап, сол қолдың бас бармағымен оқжатар ілгегін артқа тоқтағанға дейін итеріп, бір уақытта сол қолдың сұқ саусағымен оқжатар қақпағының шығыңқы бөлігін тартып, оқжатарды сабы негізінен алып шығу; - Оң қолмен оқжатарды бас саусағының астына бекітпеден 2-3 см жоғары тұратындай қою; - Оқытушының пәрмендерін орындау; - Оқжатарды сол қолына алу; - Бас саусақпен бекітпе кедергісіне басу; - Ұңғысын нысанаға қаратып, шүріппені әскери взводтан ағыту; - Сақтандырғышты қосу; - Оқжатарды сабының негізіне қою; - Тапаншаны қорабына салу;
--	---


Жылдам атуға дайындалу мен ату

Ағытқыш ілмекті ақырын әрі жылдам басу арқылы дәл атуға болады. Ағытқыш ілмекті жылдам басу арқылы уақытты ұту нәтижесіз атуға келіп соғады. Сондықтан, ағытқыш ілмекке қаруды көтерген кезде ақырын басу керек.

Қаруды нысанадан жоғары көтеріп, қаруды көздеу ауданына төмендетіп, ағытқыш ілмектің зая жүрісін басып, қаруды неғұрлым аз қалтыраған кезінде, ақырын ғана ағытқыш ілмекті ағыту керек. Егер де атуды ұзартатын болсаңыз, қол дірілі күшейіп, дәл ата алмайсыз.

Қазіргі уақытта антитеррористік операцияларды өткізу кезінде арнайы бөлімшелер «Flesh» техникасын жиі қолданады. Бұл техника дауылмен алу кезінде ең тиімдісі болып келеді.

1. *Тұрыс* ату кезінде тұрақты, сәл ғана тізесінде бүгілген, дене салмағының ортасы алдында тұрған аяғына түсірілген және тұрыс әрекетке дайын болып тұрғандығын көрсетіп тұруы керек.




2. «Flesh» техникасына үйреткен кезде атыс дағдыларын оқып-үйрену және әрі қарай жетілдіру үшін бірнеше қағидаларды ұстану керек:

А – ұқыптылық

Б – мергендік

В – ынта



Ұқыптылық – қаруды қолдану бәріне бірдей қажетті. Қаруды ұқыпты қолданған кезде Сіз атуға асықпайсыз, көздеу мен көздеу нүктесін дұрыс таңдау қағидасын ұстанасыз.

Мергендік – бұл атқыштың қолайсыз жағдайларға қарамастан нысанаға дәл тие алу қасиеті.


Ынта - егер де атқыңыз келмесе, Сізді ешкімде күштеп атқызбайды;

«Flesh» жылдам ату техникасын әрі қарай жетілдіру үшін тыңдаушылардың назарларына келесідей үшбұрышты ұстау керек:

1 – ату;

2 – мергендік;

3 – жылдамдық;



Үшбұрыштың үш жағы да бірдей маңызды. Осы үш жақты дұрыс орындау нәтижеге әкеледі.

3. *Ұстау*

Ұстау көздеу мен ағытқыш ілмекті ағытқан кезде қарудың тұрақтылығын қамтамасыз ете алатындай болуы керек. Сол жағынан, қару ұңғы бойымен созылған бас саусағымен алынып, оң жағынан және алдынан – үш саусағымен ұсталады. Қаруды ұстауға бас саусақ қатыспайды. Оның негізгі рөлі – ағытқыш ілмекке басу. Ол ағытқыш ілмекте оң фалангі және бірінші буын ретінде орналасуы керек (саусағының ұзындығына байланысты). Қолдың оң саусағы қаруды оң жағына тимеуі керек.

4. *Психологиялық ықпал ету бойынша* ату дағдыларына үйрету 4 деңгейге бөлінеді:

1 деңгей – негізделмеген дөрекілік – пәнді білмеу, жаңғалақ;

2 деңгей – ойластырылған дөрекілік - адам қалай істеу керектігін біледі, бірақ сасқалақтау мен қобалжу атуға әсер етеді;


3 деңгей – дұрыс ойластырылған – дағдысы жоғары, сасқалақтау мен қобалжу жоқ, бірақ нәтижелерін жоғарлату қажет;

4 деңгей – дұрыс ойластырылмаған – бұлшықет жадысы санаасты деңгейінде жұмыс істейді және нәтижесі жоғары;

Тапаншадан ату кезінде жылдам дайындалуға дайындық

Дайындық кезінде:

1. Қолайлы тұрысты таңдап, ұрысқа дайын болу. Оң қол тапаншаның сабына қойылып, саусақтармен сабын алып, тапаншаны 10-12 см вертикаль бағыты бойынша суырады. Сол қол алақанды жоғарыға қарай бағыттап, күн шоғыры бойына қойылады, қолдағы бар қаруды алға созып, ашық тұрған сол қолдың алақанына қойылады, екі қолмен сабын алып, сол қолмен оң қолды ұстап қалады.



Тапаншаны дұрыс ату суретте көрсетілген.

Ату тек қана қолмен ғана емес, тізесінде және екі тізесінде отырып «California tiling» жүргізіледі. Бұл тұрыс тасадан ауды жүргізген кезде қолайлы болып келеді. Бұл ұзақ дайындықты қажет етеді.

Дұрыс атудың негізгі ережесі дұрыс ұстау болып табылады. Сұқ саусақ ату кезінде ағытқыш ілмекте орналаспауы керек, ол ілмекке атуға 2-3 сек қалған кезде ғана қойылады. Қаруды ұстап тұрған қолмен сақтандырғышын қосуға немесе шүріппені басуға болмайды және көздеу кезінде бір көзді жабу қажет емес. Бұл ережелерді сақтау арқылы нәтижелі атуға мүмкіндік туады.

Дәл ату үшін көздеу кезінде көздегіштің қарауыл прорезіндегі қалпына көңіл аудару керек.

«Flesh» жылдам ату техникасын қолданған кезде нысана ортасына көздемей, одан сәл төмен көздеу керек. Себебі, біріншіден, қарсыласқа тию

мүмкіндігі көбейеді, екіншіден, егер де тимейтін болсаңыз оқтан пайда болған психологиялық эффект жоғары болып келеді.

Дайындықтың бөлек элементі болып, жамбас тұсынан ату болып табылады. Ол көбінесе тапаншаны суырып алу мүмкіндігі болмаған кезде жақын және өте жақын арақашықтықтарда қолданылады. Жамбас тұсынан ату үшін аяқты иықтың бойымен қойып, шынтақты бүйірге тығыз тіреу керек. Ату кезінде қолды қозғалтуға болмайды. Мысалы: төменірек ату үшін алға қарай еңкею керек.

Американдық ғалымдардың айтуы бойынша тұрған кезде атыс жүргізу неғұрлым қолайлы- 3 метрден 15 м дейін, тізеден атқанда 15 м-ден 25 м дейін, . Тәжірибе көрсеткендей 7 м қашықтықтан атыс жүргізудің тиімділігі 20%, 7 м-ден 2 м дейін 75, 2 м кем 94;

Қылмыскерді ұстау кезінде «көздегішті» қылмыскердің қолына кісен кигенше ұстап тұру қажет. Көздеу нүктесі қылмыскердің қолын бақылап тұру үшін оның белінен төмен таңдалады.

Әдістемелік ұсыным ПӘС мәжілісінде талқыланып, мақұлданды.

2016 жылғы. « _____ » _____ Хаттама № _____

ПӘС-ның төрағасы
полиция подполковнигі

С.Ж.Тоқтабеков